


«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ

«23» сәуір 2025 ж.

№ ___ хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы

Г.А. Ахмедьяров



**К.БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ» РММ**

ҚАБЫЛДАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

**ТАЛАПКЕР «К.БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰӨУ» ДОКТОРАНТУРАСЫНА ТҮСУДІҢ ҚАБЫЛДАУ
ЕРЕЖЕСІМЕН ТАНЫСУЫ ТИІС!**

✓ **ДОКТОРАНТУРА**

- D006 - МУЗЫКА ПЕДАГОГТАРЫН ДАЯРЛАУ
- 8D01401 – «МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ»/8D01402 – «МУЗЫКАЛЫҚ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА»

Университеттің докторантура деңгейіне кәсіби оқу бағдарламасы бойынша жоғары білім алған тұлғалар қабылданады. Бакалавриат және Магистратура деңгейінің ДАЙЫНДЫҚ БАҒЫТТАРЫ (БЕЙІНІ БОЙЫНША) СӘЙКЕС КЕЛСЕ ҒАНА ДОКТОРАНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ЖҮРГІЗІЛЕДІ.

Докторантураға түсуге Талапкер келесі шығармашылық қабылдау емтихандарын тапсырады:

- кешенді емтихан (эссе жазу және билет бойынша емтихан);
- ғылыми жұмыстың рефератын қорғау.

**Докторантура бойынша оқуға түсу үшін
100 баллдық бағалау жүйесінің шкаласы**

Емтихан түрлері	Балл
БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН	
Эссе	20
Кешенді емтихан (билет бойынша)	30
ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН	
Ғылыми жұмыстың рефератын қорғау	50
Барлығы	100

* Ғылыми-педагогикалық даярлық және ақылы оқуға түсу бағыты бойынша докторантураға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін шекті балл - 75

1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

➤ **ЭССЕ;**

Эссе түрлері мен бағалау критерийлері

Теориялық білімін, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін көрсете алған, аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау үшін эссенің келесі түрлері ұсынылады:

Эссе түрлері	Сипаттамасы	Сөз саны
Мотивациялық	Талапкердің ғылыми-зерттеу саласына ынталандырушы дәлелдері (research statement)	250 – 300 сөз
Ғылыми-аналитикалық	болашақ зерттеу жұмысының өзектілігін негіздеу және болжалды зерттеу әдістемелері (research proposal)	
Проблемалық-тақырыптық	Пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша авторлық позицияны баяндау	

* білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша эссе жазу уақыты – 60 минут.

ЭССЕНІ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Критерийлер	Дескрипторлар	Балл
Тақырыптың тереңдігі	мәселе ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс колдана отырып, теориялық деңгейде ашылды	3
	мәселені ашуда өзіндік көзқарас (ұстаным, көзқарас) ұсынылған	2
	әртүрлі дереккөздерден алынған ақпарат пайдаланылды	1
Аргументация, дәлелдеу	эссе тақырыбына сәйкес келетін ғылыми әдебиеттер мен дереккөздерден дәлелдердің болуы	3
	себеп-салдарлық байланыстарды анықтау	2
	тарихи, әлеуметтік және жеке тәжірибеден алынған фактілер мен дәлелдердің болуы	1
Композициялық тұтастық және қисындылық	композициялық тұтастық, эссенің құрылымдық компоненттері логикалық түрде байланысты	2
	ішкі логиканың болуы, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге өту мүмкіндігі	2
	қорытындылар мен жалпылама әдісінің болуы	1
Жазу мәдениеті	академиялық жазудың жоғары деңгейін көрсету (лексика, ғылыми терминологияны білу, грамматика, стилистикасы)	3
	БАРЛЫҒЫ	20

➤ **КЕШЕНДІ ЕМТИХАН (билет бойынша).**

1 ТАРАУ. «ЖОО-ДАҒЫ ПЕДАГОГИКА» ПӘНІ

Тақырып. Психологияның ғылым ретіндегі теориялық және әдіснамалық негіздері. Жоғары кәсіптік білім беруді модернизациялаудағы педагогикалық ғылымдардың маңызы. Тұлғаны зерттеудегі әдіснамалық тәсілдер мен әдіснамалық принциптер. ЖОО-да оқуға тұлғалық-әрекеттік және құзыреттілік тәсілдер.

Тақырып. Оқыту – ЖОО-дағы оқу қызметінің ұйымдастырушылық-ақпараттық қызметтің негізі. ЖОО-дағы педагогикалық қызмет. Оқытудың педагогикалық функциялары. Педагогикалық қызметтің жеке стилі.

Тақырып. ЖОО-дағы оқу процесін басқару. Жоғары мектептегі оқу процесін басқару стратегиясы. ЖОО-ның білім беру процесі субъектілерінің өзара іс-қимылы оқу қызметінің тиімділігінің негізі ретінде. Тұлғаға бағытталған теориялар мен технологиялар. Дамытушылық оқыту теориясы.

Тақырып. Оқу процесі және оның компоненттері. Оқу процесінің мәні, оның оқу процесін ұтымды ұйымдастырудағы маңызы. Оқу қызметінің жалпы құрылымы. Оқытудың жетекші функциялары, олардың құрылымы, оқу процесі құрылымының моделі. Оқу процесінің қозғаушы күштері. Оқу процесінің логикасы және ассимиляция процесінің құрылымы. Білім, білік және дағдыларды игерудің негізгі кезеңдері.

Тақырып. ЖОО-да білім алушылардың оқу қызметін ұйымдастырудың психологиялық тәсілдері. Оқу жағдайын жобалау. Оқу әрекеті. Оқытудың өзара әрекеттесу формалары мен әдістері. Жоо-да табысты оқу факторлары. Оқу міндеттерін қою және шешу арқылы оқытуды басқару. Оқу міндеттерінің құрылымы. Оқу міндеттерінің таксономиясы.

Тақырып. ЖОО-да оқытудың түрлері мен әдістері. ЖОО-да оқыту әдісі және оқыту әдістерін жіктеу түсінігі. Оқытудың белсенді түрлері мен әдістері. Бағдарламаланған оқыту және оның ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңмен қалыптастыру теориясына сәйкестігі. Бағдарламаланған оқытудың негізгі әдістемелік құралдары. Проблемалық оқыту. Ойлау оқытудың танымдық іс-әрекетінің процесі ретінде. Проблемалық жағдай жасау шарттары. Интерактивті (коммуникативтік оқыту). Оқытудың белсенді ауызша әдістері. Оқытудың көрнекі әдістері. Оқытудың эвристикалық әдістері.

Тақырып. ЖОО-дағы оқу сабақтарының түрлері. Дәрістік оқыту түрі. Дәрістердің жіктелуі және олардың тиімділігінің психологиялық шарттары. Семинар сабақтарын өткізу әдістемесі. Бақылау бағалау сабақтарына қойылатын ұйымдастыру мәдениеті және психологиялық талаптар.

Тақырып. Тәрбие процесі. Жалпыадамзаттық адамгершілік жеке тұлғаның қалыптасуының негізі ретінде. Тәрбие процесі және оны университетте ұйымдастырудың педагогикалық заңдылықтары. Студенттік жастағы адамгершілік тәрбие: мифтер мен шындық. Студенттік жастағы адамгершілік. Тәрбие беру және әлеуметтендіру технологиялары. Жоғары мектептегі білім беру процесін оңтайландыру факторы ретінде студент тұлғасының бейімделу әлеуетін дамыту.

Тақырып. Білім беру ортасының қауіпсіздігі. Студенттердің мәдениаралық қарым-қатынасы. Оқитын жастар арасындағы субмәдениеттер. Инклюзивті білім беру кеңістігінің қауіп-қатерін педагогикалық қолдау.

Тақырып. Кәсіби қызметтің педагогикалық ерекшеліктері. Кәсіби қызмет субъектісінің психологиялық сипаттамасы. Кәсіби қалыптасу және бейімделу. Кәсіптік сана-сезім мен құзыреттілік. Адамдардың кәсіби өзара іс-қимылы: іскерліктер мен дағдылар.

Тақырып. ЖОО-дағы тренингтік және диагностикалық қызмет. Тренингті жобалау. Студенттерді мансапты

жобалауға және бәсекелестік артықшылықтарды дамытуға үйрету. Студенттерді тиімді коммуникация мен өзара іс-қимылға үйрету. Студенттердің көшбасшылық қабілетін дамыту. Студент жастардың жеке-типологиялық, танымдық және мінез-құлық ерекшеліктерін диагностикалау.

2 ТАРАУ. ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ ПӘНІ

1 тақырып. Жоғары мектептің ғылыми қызметінің тарихы. Қазіргі әлемдегі ғылымның рөлі. Ғылым және ғылыми-педагогикалық зерттеу. Жоғары мектептің ғылыми қызметінің тарихы. Қоғамдағы ғылымның функциялары. Ғылыми зерттеулердің типологиясы. Қазақстандағы ғылымның даму тарихы. Іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер. Педагогика саласындағы зерттеуші және зерттеу қызметі. Қазіргі әлемдегі ғылымның рөлі.

2 тақырып. Қазақстан ғылымының нормативтік-құқықтық базасы. Қазақстан ғылымының нормативтік-құқықтық базасы. Зияткерлік меншік объектілері. Қазақстан Республикасының Ғылым туралы заңнамасы. ҚР "Ғылым туралы" Заңы. "Инновациялық қызмет туралы" ҚР Заңы. Зияткерлік меншік құқығы туралы ҚР Азаматтық кодексі. ҚР Патенттік заңы. ҚР зияткерлік меншік объектілеріне өтінім беру ережесі (педагогтер мен психологтар үшін - монография, оқулық, оқу құралы, электрондық оқулық, оқу бағдарламасы және т.б.).

3 тақырып. ҚР-да және шетелде ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және басқару жүйесі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатының принциптері мен басымдықтары. Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы басымдықтар. ҚР ғылымды басқару құрылымы. АҚШ, Жапония, Франция, Германия, Ұлыбритания, Ресей, Қытайдағы ғылымның заңнамасы, тарихы, жай-күйінің қысқаша сипаттамасы. ҚР-да және дамыған шетелдерде ғылыми кадрларды даярлаудың заманауи жүйесі мен сатылары. Шетелдерде ғылыми кадрлар даярлауды ұйымдастыру. Шетелдерде ғылыми кадрлар даярлауды ұйымдастыру: PhD, Doctor of Science, Full Professor және т.б.

4 тақырып. Ғылымның даму заңдылықтары және халықаралық ғылыми-педагогикалық ынтымақтастық. Ғылым дамуының жалпы заңдылықтары. Ғылыми ақпараттың өсуі, шашырауы және ескіруі заңдары. ҚР-да және шетелде ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жүйесі. Халықаралық ғылыми-педагогикалық ынтымақтастық. Әлемнің түрлі елдерінің ғалымдарының ғылыми-педагогикалық ынтымақтастығының түрлері. Халықаралық қорлар мен гранттар бойынша ғылыми-ақпараттық қызмет

5 тақырып. Педагогтің әдіснамалық, ғылыми-зерттеу және этикалық мәдениеті. Педагогикалық зерттеу әдіснамасының ерекшелігі. Педагогтың ғылыми-зерттеу мәдениетінің құрылымы. Ғылыми-зерттеу мәдениетінің аксиологиялық, технологиялық, тұлғалық-шығармашылық компоненті. Педагогтың зерттеуші ретіндегі әдіснамалық

мәдениеті мен құзыреті. Ғылыми ұжымдағы қарым-қатынастың моральдық-психологиялық мәселелері. Ғылыми қызметкердің, ғалым-педагогтың кодексі. Ғылыми этикеттің нормалары мен принциптері. Педагогиканың классикалық және заманауи әдіснамалық принциптері. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің ғылыми аппараты. Зерттеудің әдіснамалық аппараты. Зерттеудің әдіснамалық параметрлері. Ғылыми педагогикалық зерттеудегі гипотезаның рөлі. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің жетекші идеясы.

6 тақырып. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің түрлері. Педагогика ғылымының құрылымы және түрлері. Ғалым мен ғалымдар ұжымының жұмысын жоспарлау. Ғалымның шығармашылық тұлғасы, ғылыми және шығармашылық қызметінің ерекшеліктері. Ғылыми ұжым түрлері. Ғылыми қызметкерлерді ынталандыру. Педагогика ғылымының құрылымы және ғылыми-педагогикалық зерттеулердің түрлері. Мамандықтар жіктеуішінің ғылыми мамандықтар номенклатурасына сәйкестігі.

7 тақырып. Педагогикалық эксперимент. Педагогикалық зерттеу әдістері және олардың жалпы сипаттамасы. Ғылыми әдебиеттерді зерттеу технологиясы. Педагогикалық эксперименттің түрлері, объектілері, кезеңдері. Зерттеу әдістері. Әдістердің жіктелуі, критерийлер мен типологиясы: қауымдастық және айырмашылық. Зерттеу әдістерінің дәстүрлі классификациясы. Педагогикалық зерттеу әдістерін әртүрлі негіздер бойынша жіктеу (Ю.К. Бабанский бойынша). Ғылыми қызметтің жалпы технологиялары. Ғылыми ақпарат дереккөздерінің түрлері. Оқу немесе ғылыми мәтінді зерттеу технологиялары. Ғылыми мәтіндерді жазу технологиясы. Ғылыми баяндамалар технологиясы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. ҚР Заңдары: «Білім туралы», 2007; «Ғылым туралы», 2011;
2. Мынбаева А.К. Организация и планирование научных исследований (в области педагогики и образования): учебное пособие для магистратуры. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 300 с.
3. Куров И.Е. Высшее педагогическое образование: проблемы и решения. Новгород, 1994.
4. Кустов Ю.А. Единство и преемственность педагогических действий в высшей школе. Самара, 1994.
5. Никандров Н.Д. Понятийный аппарат педагогики и образования: перспективы исследований // Педагогика – 1996 - №3.
6. Полат Е.С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. М., 2007.
7. Алексеев Н.А. Личностно ориентированное обучение: вопросы теории и практики. Тюмень, 1997.
8. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания., СПб, 2001.
9. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. М., 1991.
10. Педагогические технологии / Под общ.ред. В.С. Кукушкина., Ростов на Дону, 2002.
11. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. – М.: Из-во «Совершенство», 1998.
12. Гусинский Э.Н. Введение в философию образования. – М., 2001. -160 с.

13. Краевский В. В. Методология педагогики. - Чебоксары: Изд-во Чуваш, ун-та, 2001.
14. Каланова Ш.М. Тотальный менеджмент качества в высшем образовании: учебное пособие-практикоориентированная монография / Ш.М. Каланова; В.К.Бишимбаев.- Астана: Фолиант, 2006.
15. Качество образования - фактор цивилизации XXI века. - Кн. 1., - Алматы, 2004.
16. Управление качеством: Учебник Высшее образование/ Басовский Л.Е., Протасьев В.Б. – М.: ИНФРА-М, 2000.
17. Мухамедхан, Д. Качество высшего образования и кредитная система обучения/ Д. Мухамедхан.- Алматы, 2005.
18. Паранюшкин Р.В. Педагогика и психология высшей школы. - Ростов н/Д, 2006.
19. Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности. – М., 2005.
20. Педагогика и психология высшей школы. - Ростов н/Д, 2006.
21. Агафонов А.Н. Основы общей и социальной педагогики. – Караганда, 2007.
22. Давыдов В.П. Методология и методика психолого-педагогического исследования. – М., 2006.
23. Загвязинский В.И. Методология и методы психолого-педагогического исследования. – М., 2005.
24. Кузнецов И.Н. Научное исследование. Методика проведения и оформления. – М., 2007.
25. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса. – Алматы, 2002.
26. Выготский Л.С. Психология искусства М.,1965
27. Петрушин В.И. Музыкальная психология ,, 1994
28. Цыпин Г.М. Психология музыкальной деятельности: проблемы, суждения, мнения.М.,1994
29. Белобородова В.К. Музыкальное восприятие М.,1975
30. Назайкинский С.В. Психология музыкального восприятия М.,1972
31. Мухамбетова А.И. Казахский кюй как синкретический жанр. Алматы.,1991
32. Кирнарская Д.К. Психология музыкальных способностей, М.,2004
33. Бочкарёв Л.Л. Психология музыкальной деятельности .М.2008
34. Петрушин В.И.Музыкальная психотерапия: Теория и практика, М.,2000
35. Холопова В.Н. Область бессознательного в восприятии музыкального содержания , 2002
36. Цагарелли Ю.А. Психология музыкально-исполнительской деятельности Спб.,2008
37. Абдуллин Э.Б.Методология Музыкального образования. М. 2003.
38. Введение в научное исследование по педагогике / Под ред. В.И. Журавлева. –М. :Просвещение, 1988.
39. Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований. –М. :Педагогика, 1982, с. 7-20.
- 40.Герасимов И.Г. Структура научного исследования (Философ. анализ познавательной деятельности в науке).–М.:Мысль, 1985.

ЕМТИХАН БИЛЕТІНІҢ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАПТАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

Сұрақ	Бағалау критерийлері	Балл саны
1-ші сұрақ	зерттелетін пәндік саланың негізгі процестерін білетінін көрсете алады; сұрақ мәселесінің тереңдігі мен толықтығы	5
	логикалық және дәйекті түрде талқыланатын мәселе бойынша өз пікірін білдіреді	3
	тұжырымдамалық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген	2
	Барлығы	10
2-ші сұрақ	пәндік саладағы мәселелерді шешу үшін әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданады	5
	құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді дәлелдейді, салыстырады, жіктейді; практикалық дағдыларға негізделген қорытындылар мен жалпылаулар жасайды.	3
	өртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды	2
	Барлығы	10
3-ші сұрақ	теориялық және практикалық әзірлемелерді, ғылыми тұжырымдамаларды және ғылым дамуының қазіргі тенденцияларын сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды	5
	пәндік білімнің негізгі мәселелерін түсіндіруде әдіснамалық тәсілдерді синтездейді	3
	процестерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдау кезінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды	2
	Барлығы	10
	БАРЛЫҒЫ	30 балл

2. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

➤ **ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫҢ РЕФЕРАТЫН ҚОРҒАУ.**

РЕФЕРАТ НЕГІЗДЕМЕСІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

1. Реферат талапкердің қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде жеке және өз бетінше орындаған еңбегі болуы тиіс.

2. Реферат тақырыбы мен оның мазмұны талапкер таңдаған білім беру бағдарламасымен сәйкес келуі керек.

3. Рефераттың құрылымы мен рәсімделуі:

РЕФЕРАТТЫҢ РӘСІМДЕЛУІ БОЙЫНША ТАЛАПТАР:

1. Реферат тақырыбы мамандандыру бейініне сәйкес келуі керек.

2. Көлемі: 20-25 бет (титулдық бет, мазмұны мен қолданылған әдебиеттер тізімін қоса алғанда)

3. Реферат құрылымы:

- *титулдық бет*;

- *кіріспе* (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу тәсілдері, тақырыптың зерттелу деңгейі, жаңашылдығы, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, құрылымы мен рефераттың жалпы көлемі);

- *реферат мазмұны* (зерттеу мазмұнын айқындайтын тараулары мен тараушалары);

- *қорытынды*;

- *қолданылған әдебиеттер тізімі*;

- *қосымшалар* (рефераттың жалпы бет көлеміне енбейді).

4. Рефераттың рәсімделуі:

- Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14;

- Интервал – бір;

- Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см.;

- Абзац шегінісі – 1 см.

4. Реферат мәтінінде міндетті түрде пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер көрсетіледі және Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары бойынша рәсімделген пайдаланылған дереккөздер/материалдар мен әдебиеттер жеке көрсетіледі.

5. Болашақ ғылыми зерттеу тақырыбының Реферат негіздемесін талапкер алдын ала белгіленген мерзімде қабылдау комиссиясына тапсырады. Рефератқа білім немесе ғылым мекемесінде (ҒЗИ) жұмыс істейтін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінде дәрежесі (ғылым докторы немесе кандидаты немесе PhD (бейіні бойынша философия докторы, академиялық дәрежесі) бар ғалым қол қойған **2 РЕЦЕНЗИЯ (ішкі/сыртқы)** ұсынылуы тиіс. Рецензия рецензенттің жұмыс орны бойынша расталуы тиіс.

***ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫҢ РЕФЕРАТЫҢ ҚОРҒАУ БОЙЫНША БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

Бағалаудың балдық көрсеткіші	Бағалау критерийлері
46-50	Зерттеудің өзекті мәселесін сәтті негіздеді, эрудицияның жоғары деңгейін, терең аналитикалық ойлауды көрсетті, ғылыми аппаратқа ие, нақты мақсат қоя алады және мәселелерді шешу жолдарын анықтай алады. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы негізделген. Зерттелетін мәселенің тарихы, теориясы мен әдіснамасы саласындағы білімнің сапалы деңгейін көрсетеді. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді
41-45	Талапкер мақсат пен міндеттерді жақсы тұжырымдады, мәселенің өзектілігін негіздеді, зерттеудің негізгі ережелерін қисынды түрде баяндады, қарастырылып отырған мәселенің теориясы мен әдіснама мәселелері бойынша жақсы деңгейін көрсетті. Берілген материал талаптарға сай.
36-40	Талапкер мақсат пен міндеттердің жақсы тұжырымдалуын, зерттеудің негізгі ережелерін жақсы көрсетті, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық мәселелері бойынша білім деңгейі орташа. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет).
31-35	Талапкер зерттеудің негізгі ережелерін көрсете отырып, мақсат пен қойылған міндеттерді түсінуді көрсетеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілері бойынша білімі жеткіліксіз екені көрінеді.
26-30	Талапкер зерттеу проблемасының мәнін нашар түсінеді, жазбаша ғылыми баяндау дағдыларының жеткіліксіздігін және жұмыстың өзектілігінің шектеулі дәлелдерін көрсетеді. Ғылыми аппаратты нашар меңгерген, жұмыс көлемі аз (15 бет).
15-25	Мақсат пен міндеттер тұжырымдалған, бірақ зерттеудің практикалық және теориялық маңыздылығы туралы түсінік жоқ, жұмыстың өзектілігі туралы нақты негіздеме жоқ, аз жұмыс көлемін ұсынды (15 немесе одан аз бет).
7-16	Зерттеудің өзектілігі, теориялық және практикалық маңыздылығының жоқтығын көрсетеді, ғылыми аппаратты меңгермеген және мамандандыру профилінің тақырыбына сәйкес келмейді.
0-6	Келесі емтиханға өтпейді. Ғылыми аппарат жайлы түсінік жоқ. Реферат ресімдеуі бойынша талаптарға сай емес.

Білім беру бағдарламасы бойынша сұрақтар: myzyka.pedagogika@kaznui.kz

Жалпы оқуға түсу бойынша сұрақтар: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет деканы: Сметова Алмагуль Амантаевна

Кафедра меңгерушісі: Кожебаев Дархан Ержанович

